

Астық жинау комбайнын сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 21 маусым N 294

Дәнді дақылдар егінін жинауды және шаруашылықтарды егін жинау техникасымен жарақтандыруды арттыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің лизинг шартымен 1996 жылғы егіннен бастап үш жыл ішінде тең үлестермен жөнелту арқылы шаруашылықтардың 300 мың тонна көлемдегі астығымен есеп айырыса отырып жапондық "Канемацу Корпорейшн" фирмасының делдалдығымен 1996 жылғы егін орағы жұмыстары басталғанға дейін 1000 астық жинау комбайнын Россияның "Ростсельмаш" акционерлік қоғамынан сатып алу және беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ақмола, Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып лизинг берушілерді белгілесін, комбайндарды берушілер және сатып алушылармен тиісті лизингтік контракттарды рәсімдесін.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мемлекеттік ресурстардың астығына кепілге берілген аталған комбайндар үшін 1996 жылдан бастап жыл сайын 100 мың тонна астықпен есеп айырысуға кепілдік берсін.

3. Аталған облыстардың әкімдері лизинг бойынша сатып алынатын комбайндар үшін, оның ішінде Ақмола облысына - 250 комбайн, Көкшетауға - 200, Қостанайға - 350 және Солтүстік Қазақстанға - 200 комбайн үшін осы өкімнің 1-тармағында баяндалған шарттар негізіндегі олардың кепілдік міндеттемесіне шаруашылықтардың астығымен есеп айырысуға бір апта ішінде Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының кепілдігін беретін болсын.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін аталған комбайндарды тиімді пайдалану схемасын әзірлесін және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге істелген жұмыстарды есепке алу және олармен Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының астықпен есеп айырысу тәртібін жеткізетін болсын.

Премьер-Министр

